



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 1 қазан N 1356.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.08.13. N 3614
Жарлығымен. ~U973614

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының негізгі міндеттерін және жұмыс істеу тәртібін анықтау мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы. 1993 жылғы 1 қазандағы
N 1356

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1993 жылғы 1 қазандағы
N 1356 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы
(ҚСЗИ)
Ереже

Алматы қаласы

I. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (бұдан былай - Институт) Қазақстан Республикасының егемен мемлекет ретіндегі ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамдау-талдау жасаумен қамтамасыз ету мақсатында құрылған үкіметтік ғылыми-зерттеу мекемесі болып табылады.

Институт қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасының ғылымы мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің шешімдері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

Институт заңды ұйым болып табылады, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылып, дербес заңды ұйымның басқа да реквизиттері көрсетілген елтаңбалы мөрі болады.

Институттың орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

II. Институттың міндеттері мен функциялары

Институттың негізгі міндеттері мен функциялары мыналар:

- Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы мен ұлттық қауіпсіздік саласында концептуалдық негіздер мен практикалық ұсыныстарды әзірлеу;

- шет мемлекеттердің сыртқы саяси бағытына және әлемдегі және шектес аймақтардағы әскери-стратегиялық ахуалға талдау жасау және болжамдау;

- Қазақстан Республикасындағы экономикалық, әлеуметтік, этнодемографиялық және қоғамдық-саяси ахуал мен оның даму үрдісіне талдау жасау және болжамдау;

- Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік, мемлекеттік экологиялық саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру проблемаларын және айналадағы ортасын қорғау міндеттерін іс жүзінде шешуге халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерді тарту жолдарын зерттеу;

- Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының мәселелері бойынша республиканың басшылығына және мүдделі министрліктер мен ведомстволарға талдаулық баяндамалар мен жазбалар, ұсыныстар мен кеңестер, ақпараттық-талдаулық материалдар, сараптық және болжамдық бағамдаулар енгізу.

III. Институттың құқықтары

- Алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындауы үшін Институттың:
- өзінің барлық қызмет түрлерін дербес жоспарлауға;
 - шет елдің ғалымдары мен мамандарын қоса алғанда қызметкерлерді жалға алудың контракт жүйесін жүзеге асыруға;
 - республикалық мемлекеттік басқару органдарының өтінімдері бойынша мақсатты ғылыми әзірлемелерді орындауға, Қазақстан Республикасының тұрақтылығын және қауіпсіз дамуын қамтамасыз етуге бағытталған сараптық бағамдар мен болжамдау сипатындағы ұсыныстарды енгізуге;
 - уақытша шығармашылық ұжымдар құрудың көмегімен немесе контракт негізінде әзірленетін ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуға сырт ұйымдар мен мекемелердің мамандарын, ғылыми қызметкерлерін тартуға;
 - ғылыми форумдар (конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, коллоквиумдар және басқалары) өткізуге;
 - ғылыми еңбектер, мерзімді және сериялы басылымдар шығаруға, деректердің ғылыми-техникалық базаларын қалыптастыруға;
 - ғылыми қызметкерлердің біліктілігін көтеруге, аспирантура және докторантура арқылы мамандар даярлауды жүзеге асыруға;
 - ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру жөніндегі кеңестерді белгіленген тәртіп бойынша құруға;
 - біліктілікті көтеру курстарын ұйымдастыруға;
 - өзінің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік басқару органдарынан белгіленген тәртіп бойынша сұрастырып, алуға;
 - Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін кез келген ғылыми, өндірістік, шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

IV. Институттың мүлкі мен қаржысы

Институттың үйлері, ғимараттары, жабдықтары, мүкаммалдары және басқа мүлкі Институтқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті берген мемлекеттік меншіктің оқшауланған бөлігі болып табылады, олардың құны дербес баланста көрсетіледі.

Институт өзінің қызметін шаруашылық иелену құқығы негізінде жүзеге асырады. Мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен Институт сатып алған мүлік оның жедеғабыл басқаруында, ал шаруашылық қызметтен түскен пайдасы есебінен сатып алынған мүлік - оның толық шаруашылық иеленуінде болады.

Институтты қаржыландыру көздері:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау жөніндегі шарттар бойынша түсетін қаржы;
- Институттың шаруашылық қызметінен түсетін кіріс;
- демеушілік болып табылады.

Институттың ғылыми, баспа және Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған өзге де шаруашылық қызметтен алған бюджеттен тыс барлық қаржысы Институттың негізгі міндеттері мен функцияларына сәйкес пайдаланылады.

V. Институт қызметін басқару және институттың құрылымы

Институт Қазақстан Республикасы Президентінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшылығымен жұмыс істейді, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен мүдделі мемлекеттік басқару органдарының қызметін болжамдау-талдаулық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. <*>

Институтты директор басқарады, ол жеке-дара басшылық принциптері негізінде Институттың жұмысын ұйымдастырады және Институтқа жүктелген міндеттердің орындалуы үшін толық жауап береді. Институттың Ғылыми Кеңесі кеңесші орган болып табылады.

Институттың штат кестесі мен құрылымын Институт директоры Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген шеңберде анықтайды. Ғылыми бөлімдер мен секторлардан басқа Институт құрамына ғылыми-қосалқы және өндірістік сипаттағы бөлімшелер енгізіледі.

Ғылыми Кеңестің құрамына директор, директордың бірінші орынбасары, ғалым хатшы, Институт құрамына кіретін бөлімдердің меңгерушілері, дербес бөлімшелердің басшылары кіреді.

Институт директорының ұсынуы бойынша Ғылыми Кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қарауына енгізіледі және оны Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. <*>

Ғылыми Кеңес:

- Институттың ғылыми қызметін ұйымдастырудың барлық мәселелері

бойынша шешімдері қабылдайды;

- ғылыми зерттеулердің ағымдағы және келешекті жоспарларын

талқылайды;

- бөлімдерді және басқа ғылыми бөлімшелерді құру (тарату) мәселелерін талқылайды;

- Институттың ғылыми және ғылыми-ұйымдық қызметі туралы жарты жылдық және жылдық есептерді бекітеді.

Ғылыми Кеңестің шешімдері директор бекіткеннен кейін күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. V-бөлімнің 1 және 5 абзацтарына өзгеріс енгізілді -
ҚР Президентінің 1997.04.30. N 3477 жарлығымен.

U973477_

VI. Институт басшыларының құқықтары мен міндеттері

Институт директоры

Институт директорын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Институт директоры Институттың бүкіл қызметіне басшылық жасайды, оның қызметінің нәтижелері, тәртіптің жайы, құпиялылық режимінің қамтамасыз етілуі үшін жауап береді.

Институт директоры мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда, барлық ғылыми және басқа мекемелерде оның өкілі болып табылады, белгіленген тәртіп бойынша Институттың мүлкі мен қаржысына билік жүргізеді, Институттың қаржы қорларын құрады және оларды пайдалану тәртібін анықтайды, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есепшоттар ашады.

Институт директоры өзінің құзыры шегінде бұйрықтар шығарады, Институттың бөлімшелері, филиалдары туралы ережелері және лауазымдық нұсқауларды бекітеді, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Институт қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады, Институт құзыры шегінде қызметтік және қаржы құжаттамасына қол қояды, Институттың Ғылыми Кеңесінің жұмысын және оның қаулыларының орындалуын ұйымдастырады.

Институт директорының бірінші орынбасары

Директордың бірінші орынбасарын Қазақстан Республикасы

Президенті Әкімшілігінің келісуі бойынша Институттың директоры тағайындайды.

<*>

Институт директорының бірінші орынбасары:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оның тиімділігі;
- Институт қызметін кадрлармен қамтамасыз ету және қызметкерлердің ғылыми біліктілігін көтеру үшін жауап береді.

Институт директоры болмаған кезде директордың бірінші орынбасары қызметтік және қаржы құжаттамасына қол қою құқығымен оның орнында қалады және Институт жұмысының режимі үшін толық жауап береді.

ЕСКЕРТУ. VI-бөлімнің 5 абзацына өзгеріс енгізілді - ҚР

Президентінің 1997.04.30. N 3477 жарлығымен.

VII. Институттың қызметін тоқтату

Институттың қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша тоқтатылады.